

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мамандық таңдауда ата-ананың әсері

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.05.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/179096/**Минаева Гүлсім Фариполлақызы**

№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі

Мектеп психологы

Мамандық таңдау — әрбір адамның өміріндегі маңызды әрі жауапты қадамдардың бірі. Бұл шешім адамның болашақтағы өмір салтына, табысына, қоғамдағы орнына тікелей әсер етеді. Сондықтан жасөспірімдер мамандық таңдауда көп жағдайда ата-анасының пікіріне сүйенеді. Бұл — табиғи құбылыс. Алайда ата-ананың әсері кейде қолдау, кейде қысым ретінде сезілуі мүмкін.

Ата-ананың оң әсері

Ата-аналар — баласының қабілетін, мінезін, қызығушылығын жақсы білетін ең жақын адамдар. Олар өз өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, баласына дұрыс бағыт-бағдар беруі мүмкін. Мысалы, нақты бір мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктерін айтып, баланың дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қаржылық тұрақтылық, әлеуметтік мәртебе, еңбек нарығындағы сұраныс сынды факторларды ескертіп отыру — ата-ананың маңызды рөлі.

Ата-ананың теріс әсері

Кейде ата-аналар баласының қалауын елемей, өз армандарын жүзеге асыру үшін баласын белгілі бір мамандыққа итермелеуі мүмкін. Мысалы, «біздің әулетте дәрігерлер көп, сен де дәрігер болуың керек» немесе «бұл мамандықпен жұмыс табу қиын, мынаны таңда» деген секілді пікірлер баланың өзіндік шешім қабылдауына кедергі келтіреді. Мұндай жағдайда жасөспірім ішкі қалауына қарсы әрекет етіп, кейін мамандығына қызығушылық танытпай, кәсіби күйзеліс (профессиональное выгорание) сияқты қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Қалай дұрыс бағыт беру керек?

Ата-ана мен бала арасында ашық диалог болуы маңызды. Бала қандай мамандықтарға қызығатынын, қандай пәндер ұнайтынын, қандай ортада өзін жайлы

сезінетінін еркін айта алуы тиіс. Ал ата-аналар баласының пікірін тыңдап, қолдау білдіруі керек. Сонымен қатар кәсіби бағдар беретін мамандармен (психолог, профориентолог) кеңесу де пайдалы.

Қорытынды

Мамандық таңдау — бұл тек баланың ғана емес, бүкіл отбасының болашағына әсер ететін маңызды шешім. Ата-ананың рөлі бұл жолда — бағыт беруші, қолдаушы болу. Баланы өз арманына жетелеу үшін ата-ана сенім мен түсіністік танытып, шешім қабылдауда еркіндік бергені абзал.

Балаңыздың мамандық таңдауына қалай дұрыс әсер етуге болады?

Балаңыздың болашағына алаңдап, оған ең жақсы жолды таңдауға көмектескіңіз келетіні анық. Әсіресе, мамандық таңдау сәті келгенде ата-ананың пікірі, тәжірибесі мен кеңесі үлкен рөл атқарады. Алайда бұл арада балаға қысым көрсетпей, керісінше қолдау көрсету — өте маңызды.

Ата-ананың рөлі қандай?

Ата-ана баласының қызығушылығын, қабілетін, мінез-құлқын жақсы білетін адам ретінде бағыт-бағдар бере алады. Баланың қай пәнге қызығатыны, қандай іспен айналысқанда шабыттанатынына назар аудару арқылы оған лайық мамандық түрлерін ұсыну — үлкен көмек. Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұраныс, табысы, оқуға түсу мүмкіндігі сияқты мәселелерді түсіндіріп, баламен бірге ойласу маңызды.

Қысым мен мәжбүрлеу — кері әсер береді

Кейбір ата-аналар өз армандарын баласы арқылы орындауға тырысып, баланың еркін таңдауына кедергі келтіреді. «Мен бола алмаған мұғалімді сен бол», «бұл мамандықпен жұмыс таба алмайсың» деген сияқты пікірлер баланың өз қалауын елемеуге мәжбүрлейді. Мұндай жағдайда бала болашақта жұмысынан ләззат алмай, өз ісіне деген ынтасын жоғалтып алуы мүмкін.

Не істеу керек?

- **Тыңдаңыз.** Ең алдымен балаңызды тыңдаңыз. Ол неге қызығады, қандай пәндер ұнайды — соны анықтауға тырысыңыз.
- **Қолдаңыз.** Сіздің қолдауыңыз балаға сенім береді. Тіпті таңдаған жолы сізге күмәнді көрінсе де, қолдау көрсетіп, бірге зерттеңіз.
- **Ақпаратпен қамтамасыз етіңіз.** Әртүрлі мамандықтар туралы мәліметтермен бөлісіп, мамандық таңдауға көмектесетін тесттер мен кеңес беруші мамандарға бірге жүгініңіз.
- **Еркіндік беріңіз.** Соңғы шешімді балаңыздың өзі қабылдағаны дұрыс. Бұл

оның жауапкершілік сезімін арттырады.

Мамандық таңдау — баланың жеке өмір жолының бастауы. Бұл жолда ата-ананың рөлі бағыт көрсетуші, сенімді серік болу. Балаңызды тыңдаңыз, қолдаңыз және өз жолын табуына мүмкіндік беріңіз. Осындай сенім мен түсіністік арқылы балаңыз болашағына нық қадам жасайды.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.